

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАР БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІңДІРУ

(Абайдың қара сөздері негізінде)

Резуанова Ғ.Қ.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақтың көрнекі ақыны, ұлы классик Абай Құнанбайұлы шығармалары жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда таптырмас құнды еңбек болары сөзсіз. Жалпы, ұлттық құндылықтардың, ұлттық сана-сезімнің қайнар бұлағы – құнды әдеби мұралар, соның ішінде мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер. Ал Абайдың әр сөзі нақылға, ақылға толы. Оның қай туындысын алсақ та адамгершілікке, әдептілікке, имандылыққа тәрбиелеуге негіз болары анық. Сондықтанда қоғамды жайлаған террор, қауіп-қатерге, арандатушылыққа толы бұл заманда ұлттық педагогикаға сүйене отырып, ұлттық әдебиеттер арқылы ғана жастардың бойына осынау ата-бабаларымыз қалдырған, таптырмас терең тәрбиенің негізін қалай аламыз. Бұл туралы академик Г.Н. Волков та былай деп жазады: «... батыстан келген бұл рухани апаттан жастарды аман алып қалудың жолын қарастыруымыз керек. Ол әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбисінде қалыптасқан, түрлі сыннан сүрінбей өткен халықтың бай тәжірибесіне сүйенген халықтық педагогика болмақ». Қазақ қазынасының қайнар бұлағынан сусындап өскен, халқымыздың дара перзенті Абайдың әрбір шығармасы инабаттылыққа, парасаттылыққа, имандылық пен ізгілікке тәрбиелейді.

Ұлы классик Абай адам баласының бойындағы әділеттілік, мейірімділік, рахымдылық, жомарттық сияқты адамгершілік қасиеттерді басты орынға қояды. Ол жастарды тек оқу-білімге шақырып қана қойған жоқ, адам бойында ең алдымен ар-ұждан, адамгершілік қасиеттердің болуы қажеттігін айтты, имандылыққа шақырды, соны насихаттаумен болды. Ол өз ұрпағының білімді де жан-жақты, саналы, ақылды, жүрегі ізгі қасиеттерге толы болуын қалады. Мұны Абайдың әр сөзінен, өлеңдерінен де, қарасөздерінен де анық көруге болады. Мәселен, Абай өзінің 15-қарасөзінде: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айында бір өзіннен өзің есеп ал», - дейді. Міне, тек дұрыс жолмен жүремін деген адам ғана өзінің не істеп, не қойып жүргенін жіті қадағалап отыратынын ақын өзі өмір сүрген қараңғылықтан жаңа оянып келе жатқан заманында елден бұрын білген. Демек, ағартушы демократ Абай шығармаларының құндылығы – халық қазынасының озығы болуында. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Ал Абай ұлттық тәрбиенің ең қажет деген тұсы имандылық екенін жақсы білген. Жүрегінде иманы бар адам ғана адамгершілік, мейірімділік, жанашырлық таныта алады. Иmandылық қатыгездіктен бойынды сақтауға, жаман жолға

түспеуге негіз болады.

Еліміз телсіздігін алып, өркениеттілікке қадам басты дегенмен қоғамда батыстың кері әсеріне түсушілік бой алып отыр. Баласын жетімдер үйіне ғана емес, көшеге (қоқыстың ішіне) тастап кету сияқты бой түршігерлік істеге нәзікжандылардың баруы, қарттар үйіне ата-анасын тапсырып тастау, көшеде адамды көлігімен қағып кетіп, көмек көрсетудің орнына ізін суытып қашып кетіп жатқан азаматтарымыздың болуы бұрын-соңды ата-бабаларымыз істемеген, істемек түгілі естімеген жайттар. Міне, осындай әрекеттерден аулақ болу үшін де Абай туындыларын жиі-жиі оқып тұру қажет. Себебі бүгінгі таңда адамгершілігі мол, саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде Абай шығармаларының берері мол.

Тұлғаның адамгершілік қажеттілігін қалыптастыру – оның түйсік жүйесіне моральдік нормалар мен принциптерді қабылдату қажеттілігі. Оның әрбір туындысы ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеудегі таптырмас тәрбие құралы болары анық [1]. Себебі Абай үгіттейтін имандылықтың арқасында адамгершілік қалыптасса, адамгершіліктің көмегімен ізгілік негізі қалыптасары анық.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси-мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл – өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, ұлттық құндылықтары, оның адамзаттық білім берудегі мәдениеті мен диалектикалы білімі осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Елін, жерін, табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған халықтық мұраны бағалай білуге тәрбиелеу біздің басты міндетіміз болса керек. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдар ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып жасалуы керек [2]. Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келген ұлттық, психологиялық ерекшелік бар. Соны өзінің ұрпағына тәрбие беруде қолдана білуі, күнделікті айналысатын шаруашылығын, шұғылданатын кәсібін, ұлттық психологиялық арнада ұйымдастырып және рухани-адамгершілік тәрбиесімен ұштастыра білуі керек.

Адамгершілік тәрбиесі — белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдістерін қалыптастырудағы және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуда жалпы адамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің бір бөлігі. Адамгершілік тәрбиесінің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, имандылық негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталуы қажет [3]. Адам өмірінде елеулі орын алып, оның өсіп-жетілуіне, ақыл-ой өрісінің дамуына, өнегелілік қасиеттерінің қалыптасуына үлкен үлесін қосатын, түрлі сезімдердің оянуына ықпал ететін біздің ата-бабамыздан

қалған лиро-эпостық жырлар, ертегілер, поэма, жұмбақ, мақал-мәтелдерді де ескеруіміз керек. Бала (жас буын) тәрбиесінде көркем шығармалардың да орны ерекше екені сөзсіз.

Ал Абай туындыларының маңызы зор. Себебі ол дара да дана, ойшыл қаламгер. Мәселен, қазіргі кредиттік оқу технологиясы бойынша білім алушы өздігінен ізденуі керек, өзін өзі жетілдіру керек дейтін болсақ, озық ойлы Абай оны бұдан бір жарым ғасыр бұрын айтып қойғанын біз оның 12 қарасөзінен анық көруімізге болады. Мәселен, ол: «... Әуелі – үйрену керек. Екінші – үйреніп жеткенше осы да болады демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды...» дейді.

Міне, ендеше білім алып жатқан жастар тек оқытушының бергенімен ғана шектелуге болмайтынын ойшыл ақын түсінеді, түйсіндіреді. Ол табиғаттың терең сырын ұғады, ұғындырады. Оның әрбір туындысы оқырманына ой салады, ойландырады. Ол оқуға, ізденуге, еңбек етуге шақырады. Жұмыссыздық адам баласын аздыратынын айтады (42 қарасөзінде «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі –жұмысының жоқтығы» дейді). Болашақ ұрпағына ненің жаман, ненің жақсы екенін ескертеді («Ғылым таппай мақтанба»: ... өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның білсеңіз; еңбек, ақыл, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой –бес асыл іс көнсеңіз, - дейді).

Қорытындылай келгенде, бүгінгі жастар ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар екенін ойлайтын болсақ, олардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырғанымыз абзал. Ал оны біз Абай сияқты ұлы тұлғаның еңбектерін керегімізге жаратып, оқу-тәрбие ісінде қолдану арқылы жүзеге асыруымызға болады. Сонда біздің ұтарымыз да мол болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайров И.А. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы, 1980.
2. Оразбекова К.А. Иман және инабат. – Алматы, 2013.
3. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі, ақылдық – көзі. –Алматы, 1980.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 2001.
5. Құнанбаев А. Абай. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер, 2009.